

S00056 14.12.2020 ж.

Тақырыбы: « ТӘРБИЕШІ БОЛУ-БІР БАҚЫТ»

СУЛТАНОВА ГУЛЬМИРА КАМИЕВНА

Ақмола облысы Көкшетау қаласы

№ 9 «Қарлығаш» балабақшасы тәрбиеші.

Мен үшін де осынау өмірімдегі ең қастерлі әрі қасиетті мамандық ол – тәрбиешілік. «Жол таңдауда жалтаңдауға болмайды» дегендей, әу баста ұлтымыздың, тәуелсіз еліміздің ертеңі боларлық бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолын таңдағаным еш өкінбеймін. Керісінше, ауыртпалығы мен жауаптылығы қырық атанға жүк боларлық осы кәсіпті таңдау арқылы қоғамдық дамуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқанымды мақтан етемін. Адам баласының өмірінде болуға тиіс бақыттың бірі не десек, ол – өз қалауыңмен таңдаған кәсіп-мамандығыңа деген салиқалы ынтызарлық әрі ыстық ықылас дер едім. Өз еңбегіне жан-тәнімен берілген жан ғана өмірдің мән-мағынасын, қоғамдық ортадағы жауапкершілікті, тұтастай ұлттың ертеңіне қоса алар өзіндік үлесін тереңнен салмақтай алса керек. Бір сөзбен айтқанда, өмірдің мәні адал әрі мағыналы, жемісті әрі нәтижелі еңбекте жатқандығын түбегейлі түйсіне алған әр адам биікке бастар жолдың қадірін салмақтай біледі. Қалаған ісіңе ғашықтық пейілмен қарай білсең, өмірден өз орныңды тапқандығың!

Мұндай философиялық қағида бағзыдан қалыптасқан жоғары адагершіліктік ұғымдармен астасып жатыр. «Кәсібің – нәсібің» дейді қазақ даналығы.

Шын жүрекпен қалаған кәсіп арқылы ғана және жемісті еңбек арқылы өмірлік несібеңді, абырой-беделіңді, қоғам алдындағы құрметіңді еселей аласың. Ал, тәрбиеші болу – айтуға ғана оңай шаруа болғанымен, бұл мамандықтың қоғам үшін қаншалықты маңызы барлығын сол кәсіпті таңдағандар, осы жолда еңбек етіп жүрген жандар жақсы түсінеді.

Көрнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деген екен. Балабақша тәрбиешілері қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет. Ендеше, тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын лайықты түрде тәрбиелеу – біздерге артылған аса жоғары міндет. Осы міндетті орындау үшін әрбір тәрбиеші жанын салады. Ендеше, олардың әрқайсысының еңбегі қашанда құрметке лайық деп білемін.

ТӘРБИЕШІ! Бұл әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мазмұнды сөз деп танимын. Өйткені, біз елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеудеміз. Өйткені, біз жас ұрпаққа қазыналы да бай ана тілі – қазақ тілін сіңірудеміз.

Тіл арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды, дәстүр мен салтты, ұлтымызға тән ізгіліктерді, жалпы адамзатқа ортақ өркениеттік ұстанымдарды жұғысты етудеміз.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, менің де осынау қастерлі мамандықтың иесі атанғанымда он үш жыл болған екен. Қиындығы мен қызығы, ауартпалығы мен жауапкершілігі қатар жүретін осы еңбектің жолындағы педагогикалық ұстанымым - үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр тәрбиленушімнің бойынан жылт еткен жақсылықты, талап пен талантты тауып, бұлақтың көзін ашу, биікке жетелеу, сондай ізденістер арқылы биік мақсаттарды орындау. Сондықтан да бұл іс екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені, бұл – бала жанын тереңнен сезінетін, өз ісін жан-жақты білетін, бүлдіршіндерді жан-тәнмен сүйе алатын, оларды бағалай білетін нағыз маманның қолынан ғана келетін жұмыс.

Ұлы педагог Г.Песталоцци: «Егер де сүйе білмесең, тәрбиелеу құқыған жоқ», деген екен.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту еңбекке деген рухани адамгершіліктің қалыптасуына серпін беріп, негіз болады. Бірақ бұл қажеттілік балаға күш салмай іске асуы мүмкін емес, сондықтан оны еңбексүйгіштікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, дербестікке, белсенділікке және өз еңбегімен айналасындағыларға қуаныш сыйлауға талпынуына тәрбиелеу қажет. Халқымызда «Жас келсе - іске» деген керемет сөз бар.

Демек, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш-қуатымды, жаңашылдығымды талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің аз да болса үлесім тиіп жатса, мен өзімді бақытты тәрбиеші-ұстаз, бақытты жанмын деп білемін.

Батыр Бауыржан Момышұлы: «Ешкім іштен батыр болып тумады: батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» деп ұлы ой айтқан болатын. Біз бақшадағы бүлдіршіндерді жақсылық атаулыға тәрбиелеуге, тамаша ортада тәлімді тәрбие беруге әрдайым жауаптымыз.

«Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы», дейді ғұлама А.Құнанбаев.

Мұндай қағидалардың барлығы біздің күнделікті жұмысымызда басшылыққа алынуға тиіс екенін ұмытпай, еңбегімізді осы бағытта құрамыз. Он жылдан аса тәрбиешілік еңбекте жүріп түйгенім – тәрбиешілік еңбекке мен басыбүтін бой ұсынып, әбден қалыптастым.

Бүгінде балаларға мейірім төге отырып, биік белестерге жетуіне жауапты екенімді ешуақытта естен шығармаймын.

T00033 15.12.2020ж.


Тақырыбы: «ЗАР ЗАМАН ТОЛҒАУЫ»

ҚОЖАБАЕВА ДИДАР ЖАСҚАЙРАТОВНА

Ақмола облысы Көкшетау қаласы
№1 Красный Яр орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

САБАҚ: «Зар заман» өлеңінің тақырыбы мен идеясы	Мектеп: Жас негізгі жалпы білім беретін мектебі	
Күні:	Мұғалімнің есімі: Д.Ж. Қожабаева	
СЫНЫП:	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	7.2.1.1. Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру. 7.1. 4. 1. Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту. 7.3.4.1. «Зар заман» өлеңіндегі кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар:	
	➤ Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстырады	
	Оқушылардың басым бөлігі:	
	1. Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айтады	
	Кейбір оқушылар:	
	«Зар заман» өлеңіндегі кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады	
Тілдік мақсат	Оқушылар:	
	Өлең мазмұны туралы пікір бөлісе алады.	
	Негізгі сөздер мен тіркестер:	
	Жырау, толғау, отаршыл	
	Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:	

		- Discuss the chart that is created. Which is the most popular fruit choice? How do we know? - Has every learner's choice been recorded? How can we check? - Ask learners if they can think of other questions that we might have investigated. If ideas are not forthcoming, 'lead' the discussion by suggesting – what else could we have put in the basket? What other things could we try, to see if people have favourites? What other questions could we have asked about our fruit basket? - Take ideas and ask – What do you think the result might be? What would the pictogram look like?
		<i>Талқылауға арналған тармақтар:</i>
		Не себепті «орыс – бүркіт, біз - түлкі» деп атаған?
		<i>Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба?</i>
		Неліктен ақын зар заманның белгілерін айтады?
		<i>Жазылым бойынша ұсыныстар:</i>
		Тақырып бойынша постер қорғау
Алдыңғы оқу		Шортанбай Қанайұлы
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)	Ресурстар
Басталуы 10 минут	Амандасу «Сағат тілі» әдісі 12 - қолдарын көтеріп, алақандарымен амандасады 3 – сізді бүгін көргеніме қуаныштымын 6 – сіздің қолыңыздан бәрі де келеді  9 – сізге сәттілік тілеймін! Қошеметтеу "Жазбаша дөңгелек үстел" әдісі. Топ мүшелері "Бүгінгі заманның артықшылығын неден көресің?" деген сұраққа 1 сөйлеммен жауап береді. Жауап берген оқушы парақты көршісіне береді. Көршісі алдыңғы ой жүйелігін сақтап, мәтінді ары қарай жалғастырады. Соңында парақ иесі	Сағат суреттері  A4 қағаз

	жазғандардың бәрімен танысып, мәтінді сыныпқа оқиды. ҚБ: өзара бағалау «Зар заман» өлеңінің тақырыбы мен идеясы» Кіріктірілген сабақ Тарих пәнінің мұғалімі Н.Қ.Аманжолова «Зар заман» жылдарының тарихи оқиғалары туралы баяндап береді	
Ортасы 20 минут	«Шынжырлап оқыту» «Зар заман» өлеңін оқиды.  Блум түймедағының алты күлтесі – сұрақтар типінің алты түрі. 1.Қарапайым сұрақтар. Ш.Қанайұлы кім? 2. Анықтаушы сұрақ. Менің түсінуімше сіз өмірін толық айттыңыз, дегенменде ақынды зерттеген зерттеушілер туралы айта кетсеңіз? 3. Интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақ. Неліктен ақын заманның олқы тұстарын көп айтқан? 4. Шығармашылық сұрақтар: Қалай ойлайсыңдар, егер де сол заманнан шығу мүмкіндіктерін айтса, халық жағдайы қалай дамыр еді?» 5. Бағалау сұрақтары. Неліктен бұл жақсы, басқасы жаман деген баға алды? 6. Тәжірибелік сұрақтар. «Жыраудың орнында болсаңыз, не істер едіңіз? Дискриптор:	Постер, ватмандар, әртүрлі түсті маркерлер.

	• Ш. Қанайұлының өмір сүрген жылдары мен дүниге келген және жеке қасиеттерін айтады. • Ш. Қанайұлын зерттеген зерттеушілер туралы • Сол заманның қиын қыстау кезін баяндап, нақты пікірін білдіреді • Өз ойларын жетілдіреді, еркін көзқарастарын айтады. Саралап оқыту әдісі бойынша 1-деңгей «Қазына іздеу» жаттығуын толғау мазмұны бойынша кейіпкердің бейнесін айқындайтын түйінді сөздер немесе сөйлемдері бар үзінділер жазады.Әрбір қазынаны тапқаннан кейін, өлеңдегі кейіпкерге мінездеме береді. 2-деңгей «Екі түрлі түсініктеме күнделігі» Бірінші бағанға өлеңдегі өзіне әсер еткен үзіндіні жазады. Екінші бағанға үзіндіден алған әсерімен бөлісіп, авторға хат немесе бір шумақ өлең жазады. 3-деңгей «Әдеби шеңбер» тәсілі 1. Талқы себепшісі-жыр мазмұны бойынша 5 сұрақ құрастырады (кейіпкерлері, сюжет,қарым-қатынас, автор позициясы,т.б. бойынша) 2. Байланыстырушы-тақырыпты өмірмен байланыстырады, дәлелдейді. 3. Қорытындылаушы-автор позициясы мен көтерген мәселесін қорытындылайды Қ/Б: «Ынталандыру сөздері»-мұғалім бағалауы - Бәрекелді! -Жарайсың! -Жақсы жауап бердің, рахмет!	
--	--	--

Аяқталуы		Ақ қалпақ Ақ түс таза қағаз беті сияқты алалықсыз және объективті. Фактілер, ақпарат, сұрақтар негіз болады.
10 минут		
Қызыл қалпақ Қызыл түс ашуды, шиеленісті білдіреді. Қызыл қалпақта адамды эмоциялар, сезу, сезімдер билейді. Осыған байланысты менде қандай сезімдер туындайды?		
Сары қалпақ Сары қалпақтағы адам оптимизмге толы, ол артықшылықтарды іздестіреді. Не себептен осыны істеу керек? Артықшылықтары қандай? Бұл кім үшін пайдалы? Артықшылықтар қалай пайда болады? Осының пайдалы жақтары бар ма? Қандай жағдайларда бұл пайдалы болады?		
Қара қалпақ . Қара қалпақта адам қауіптілік танытады. Бұл көмектеседі ме? Қандай қателер бар? Кемшіліктері қандай? Бұл идея жүзеге аса алады ма?		
Жасыл қалпақ Жаңа идеялар туындап, шығармашылық бастауын алады. Осы жағдайда не істей аламыз? Баламалы идеялар бар ма? – деген сұрақтар туындайды		
Көк қалпақ Ол ұйымдастыру және басқарумен байланысты. Неге қол жеткіздік? Болашақта не істеу керек?		

ҚБ: бағдаршам

Рефлексиялық эссе

Оқушылар мына сұрақтарға жауап бере отырып, сабақта туындаған ойларын тізбектейді:

2. Алдымен біз былай деп ойладық.....
 3. Одан кейін біз мына проблемаға тап болдық.....
 4. Проблеманы шешу үшін.....жасадық.
 5. Бұдан біз.....көрдік.
 6. Демек, бұл мынаны білдіреді.....
- Сонымен біз.....деген шешімге келдік.

- Оқушыларды саралай отырып, қабілеті төмен оқушыларға білу тапсырмалары берілсе, дарынды және талантты оқушыларға жинақтау тапсырмалар берілді.

1. Қошеметтеу, ынталандыру сөздер, дискриптор, бағдаршам, өзара бағалау

1. Тарих

Рефлексия

Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?

Бүгін оқушылар не білді?

Сыныптағы ахуал қандай болды?

Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?

Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?

V00058 00058 18.12.2020ж.

Тақырыбы: «ОҢ ЖАҚТА-СОЛ ЖАҚТА ЗАТТАРДЫ СӘЙКЕСТЕНДІРУ»

БЕКБАЕВА УМИТХАН

ВКО. Аягуз ауданы Шынқожа ауылы

«Шынқожа батыр атындағы ЖБОМ» КММ тәрбиеші

Мақсаты: тәулік түн бөлігімен таныстыру; осы сөздерді сөйлеу барысында қолдану; таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші) және санына қарай (үлкен-кіші) және санына қарай (бір-көп) салыстыруды үйрету. Қоршаған ортадан бір және көп затты, үлкен және кіші затты таба білуді дамыту.

Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер: Ойыншық қоян, перде, заттардың оң жақ немесе сол жақ екенін көруге болатын сурет.

Қостілділік компонент: Сол жақта-слева, оң жақта-справа, дөңгелек- круг.

Оқу қызметінің кезендері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық-қозғаушылық

Ғажайып сәт.

Жұмбақ жасырады.

Қалқыып ұзын құлағы,

Елеңдеп қорқып тұрады. (қоян)

Сендер мұның не екенін білесіңдерме?

-Перденің артынан қоян шығады.

Балалармен амандасады.

Қоян балалардан өткен оқу қызметінде тәуліктің қай бөлігі туралы әңгімелегендерін еске түсіруді сұрайды.

Қызығушылық танытады.

Тыңдап шешуін айтады:

қоян

-Иә,бұл қоян.

Балалар сұраққа жауап береді:таңертең,күндіз,
кеш,түн.

Ұйымдастырушылық –ізденістік

«Не қайда тұр»ойыны.

Тәрбиеші жұмбақ жасырады:

«Қалқиған екі құлағы,

Тырс етсе зытып тұрады.

Өзі ноян, Бұл қорқақ....»(Қоян)

Қоян өзін суреттен табуын сұрайды.

Қоян балаларға мыныдай сұрақтар қойып,олармен әңгімелеседі.

-Менің сол жағымда не отыр?

-Менің оң жағымда қандай аң отыр?

Сергіту минуты. «Қоян»

Ыршып-ыршып секіріп ,

Қоян келді кеңкііп.

Аяқтары жаураған,

Қолдары да жаураған,

Жылытпақ боп тырысты

Жүгірді де қуысты.

Бір жоғары,бір төмен

Жүр аяқтың ұшымен.

Секіреміз,отырамыз,

Аяқтарды жылытамыз.

Балалар жұмбақты мұқият тыңдап,шешуін табады.

Балалар суреттен қоянды табады.

-Түлкі отыр.

-Қасқыр.

Рефлексиялық-түзетушілік

Қоян тапсырманы дұрыс орындағандары үшін балаларға рахмет айтады.Балалармен қоштасады.

Сұрақ қояды:

-Біз қарындашты қай қолымызбен ұстаймыз?

-Енді, сол қолдарыңды көтеріңдер.

-Біздің тобымыздағы дөңгелек пішінді заттарды атап беріңдерші?

Балалар қуанады.

Қоянмен қоштасады.

-Оң қолымызбен.

Сол қолдарын көтереді.
Балалар аттай бастайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: заттар мен фигуралардың саны бойынша әртүрлі топтарын атайды;

Игерді: сол жақты-оң жақты, қанша болса, соншаны;

Меңгерді: қоршаған ортадан дөңгелек пішінді заттарды таба білуді.

«Көршісін тап» ойыны

Кіші көршім оң жақта,
Үлкен көршім сол жақта,

Тұрушы еді қасымда,
Қайда кеткен жан-жаққа.



V00056 18.12.2020ж.

Тақырыбы: « ҒАЖАЙЫП МАТЕМАТИКА»

НУРГАЛИЕВА АРДАК СЕРИБОЛОВНА

ВКО. Аягуз ауданы Шынқожа ауылы

«Шынқожа батыр атындағы ЖБОМ»КММ тәрбиеші

Мақсаты:Балаларға тапсырма беру арқылы түстерді ажырата білуге, геометриялық пішіндерді тануға,ойын арқылы жеткізе білу.Монтессори және Триз әдістемесінің элементтерін қолдана отырып балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін қол моторикасын дамыту.

Күтілетін нәтижелері: Балаларға тапсырма беру арқылы түстерді ажырата білуге, геометриялық пішіндерді тануға,ойын арқылы жеткізе білді. .Монтессори және Триз әдістемесінің элементтерін қолдана отырып балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін қол моторикасын дамытты.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: Көрсету,таныстыру,сұрақ жауап

Белингвальды сыңары: Үшбұрыш-треугольник, төртбұрыш-квадрат, шеңбер-круг

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-шаралар	Ресурстар
ҰОҚ басталуы	Жылулық шеңбер Үлкен шеңбер құрайық Алақанды ұрайық Күлімдесін күнде Күлімдейік біз де Алақанды ашайық Күннің нұрын салайық Таза ауаны салайық Жүрек жұлуын салайық Енді бәрін қонақтарға сыйлайық	
ҰОҚ негізгі бөлімі	Музыка ойналады топқа үрленген шар ұшып келеді ішінде хат болады. Шарды жарып хатты оқи бастағанда музыка ойналып экраннан аю сөйлейді. Аю: сәлем достар сәлем балалар мен сендерге хат жолдаған себебім менің Маша досым орманда адасып қалды соны таба алмай жүрмін соны табуға көмектесіңдерші. Аю: балалар сендерде орманға барам деп жолдан адасып қалмаңдар сендер алдымен орманға бармас бұрын картадан жолды көріп алыңдар Аю: Таулардың аржағында Орманың аржағында Сандықша бар Іші тола ғажайыпқа Сол сандықшада маша досым тығылып отыр соны маған әкеп беріңдер. Аю: орманға бару үшін жол өте алыс орманға паровозбен бару керек. Балаларды паровозға отырғызу үшін қалталы тақтайшадан әр түрлі пішіндерді алғызып сол пішіндер арқылы паровозға отырғызады. Балаларға орманға келгендерін айтып онда көптеген тапсырмалар	Слайд Слайд  Слайд

орындайтындарын айтады.

Тақтадағы үш құлыпқа назарларын аудартып құлыптың кілтін ашу арқылы тапсырманы орындайтынын айтады. Сол кезде экраннан төртбұрыш сөйлейді балаларға түсіндіріп құлыптың кілті екенін түсіндіріп бірінші тапсырманың ашылғанын айтады.

1-Тапсырма

Топтық жұмыс

Триз әдістемесін қолдана отырып пішіндерге ұқсас суреттерді тауып қыстыру.

Пішіндер туралы тақпақтар сұрау.

Экраннан шеңбер сөйлейді шеңбермен таныстырып екінші құлыптың кілті екенін айтып екінші тапсырманың берілгенін айтады.

2-Тапсырма

Жеке жұмыс

Тәрелкедегі жемістер мен көкөністерді санау арқылы сандарды тура тауып құрастыру

Балаларға 1-10ға дейін санату және орысша ағылшын тілде санату арқылы білімдерін толықтыру.


Экраннан үшбұрыш сөйлейді үшбұрыш пішінмен таныстырып үшінші құлыптың кілті екенін айтып үшінші тапсырманың берілгенін айтады.

3-Тапсырма

Тәрелкедегі түрлі макарондардан бау өткізу арқылы балаларға санатып түстерін тауып, монтессори әдістемесі арқылы қол маторикасын дамыту.

Ғажайып сәт:

Орманда үлкен қорап тұрады ішінен Маша шығады



	Маша: сәлем достар мен орманда ойнап жүріп мына үлкен қорапқа қамалып қалдым рахмет сендерге мені құтқарғандарыңа менім ішім қатты пысты меніммен ойын ойнайсындарма Сергіту сәті Музыка ырғағымен қимылды жаттығулар жасату. Ойын «Өз орнынды тап» Ал қане балалар өздерінің тұрған пішіндеріңді қолдарыңа алып сол пішіндер арқылы паровоздарына отырайық тобымызға қайтайық. Пішіндер арқылы паровозға отырады. Балалар біз аюға Маша досын қайтарайық Машаны аюға жібереді	
ҰОҚ қорытындылау	Сұрақ жауап арқылы қорытындылау Қане балалар біз кімге көмектестік? Машаны қайдан таптық? Біз қандай тапсырмаларды орындадық? Жарайсыңдар балалар! мақтап мадақтау	

V00057 18.12.2020ж

Тақырыбы: «АТА-АНА,БАЛА БАЛАБАҚША».

ТЛЕУБАЕВА САМАЛ БАКТВБЕКОВНА

ВКО. Аягуз ауданы Шынқожа ауылы

«Шынқожа батыр атындағы ЖБОМ»КММ тәрбиеші

**«Адамның адамшылығы ақылы, ғылымы, жақсы ата, жақсы ана,
жақсы ұстаздан болады. Адам баласын бауырым деу жүректің ісі»**

Баланың жақсысы- әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы. Қоғамның болашағы мен беделіне айқын жол ашар өскелең ұрпақ. Тал бесіктен басталар тәрбиенің тереңді меңзейтіні осында.

Ата- ана өз баласын махаббатың нұрына бөлеп,қуанышына, бақытына бөлейді. «Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе»-деп бабымыз айтқандай баланыбесіктен, тіпті бала тәрбиесі туралы сөз ете қалғанда, алты айлық баласын тәрбиешіге әкелген ата-анаға «Сіз балаңызды 1,5 жыл тәрбиесін өткізіп алдыңыз, баланы іште тәрбиелеу керек» деген еврей халқынын мысалын келтіріп жатады.

Баласының жақсы болғанын армандамайтын ата-ана жоқ. Тіпті баласының болашағы үшін отқа да,суға да түсетін ата-аналар бар. Бала тәрбиесі- қиында күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғаның қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш –жігердің қажет етеді.

Біз баламызға үнемі талап қойғышпыз. Әуелі талапты қоймастан бұрын, балаға өзіміз үлгі көрсете білуіміз керек. Баланың көзінше қырсық мінез көрсетету, өзге адамды жамандау сияқты қылықтар бала бойына теріс көзқарастарды қалыптастыруға негіз болады.

Бала тәрбиесін ойлайтын ата- ана ең әуелі өзін тәрбиелегені жөн болар еді деп ойлаймын. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек тәрбиеші ғана емес әрбір ата-ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, көгаландыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыру. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады.

Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеңіздер тәрбиешіні жолдастарын, қоғамды кіналаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен.

Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті « беті қолыңды жу, тісінді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата – ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек. Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады. Ана - тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана - тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп асыл сөзін арнаған. Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол

үшін ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез – құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата – ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет. Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс - әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін - өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез – құлықтарды байқайды. Сондықтан ата – ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс - әрекеттерді дағдыға айналдыру керек.

Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл - қыздармен үй шаруасында жүріп - ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасақ. Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады. Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда.

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он моральдық - психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл - күйі тікелей ықпал етеді.

V00054 18.12.2020ж.

Тақырыбы: «БӨЛМЕ ӨСІМДІКТЕРІ».

РУСТЕМОВА ТОЛКЫН БАЛТАШОВНА

ВКО. Аягуз ауданы Шынқожа ауылы
«Шынқожа батыр атындағы ЖБОМ»КММ тәрбиеші.

Мақсаты: Балалардың табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері туралы білімдерін толықтыру.Қазтамақ пен фикус гүлі туралы айтып,оларды бір-бірінен ажырата білуге ,тани білуге үйрету және күту ерекшеліктерімен таныстыру.Бөлме өсімдіктерін қалай күту керектігін іс жүзінде көрсету арқылы еңбекқорлыққа баулу..

Көрнекіліктер: бөлме өсімдіктерін күтуге қажетті заттар (сүрткіш,су құйғыш,су құятын ыдыс ,алжапқыш),үлестірмелі материалдар.

Сөздік жұмыс: қазтамақ,дәрілік өсімдіктер.

Билингвальды компонент: өсімдіктер-растения,жапырақтар-листья,сабақ-стебель.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Педагог балалардың назарын топтағы бөлме гүлдеріне аударады. -Мыналар нелер? -Гүлдер не ішінде өсіп тұр? -Мұндай гүлдерді қалай өсіреміз -Дұрыс,бұл гүлдер бөлмеде өседі. Сондықтан оларды бөлме өсімдіктері деп атайды.Бөлме өсімдіктері ауаны тазартады.	Педагогтің сұрақтарына жауап береді. —Гүлдер. -Құмыра ішінде өсіп тұр. -Үйде ,топта өседі.
Ұйымдастыру-іздігі	Білімді өзектендіру. -Қазір мен бір өсімдікті сипаттаймын ,ал сендер қандай өсімдік екенін тыңдаңдар. -Жапырақтары сопақша,үлкен,түсі қою жасыл.Бұл қай өсімдік? (Фикус гүлін көрсетеді) -Бүгін сендер жаңа бөлме өсімдігі-хош иісті қазтамақпен	Айтылған сипаттама бойынша фикусты табады. Мұқият тыңдайды.

	таныстырамын. Қазтамақтың сабаға жасыл,шырынды,сабағынын бойымен хош иіс беретін жапырақтары өседі. Оның гүл шоғырлары хош иісті және әртүрлі түсті болады,бірақ көбіне қызыл гүлі бар қазтамақтар көп кездеседі. Билингвальды компонент: өсімдіктер-растения,жапырақтар-листья,сабақ-стебель. Тыныс алу жаттығуы: «Гүлдердің хош иісі».	Қайталайды. Қазтамақ гүлінің иісін иіскеп,тыныс алу жаттығуларын орындайды.
	-Қазтамақтың хош иісін сезіну үшін терең тыныс алайық. -Қазтамақ-дәрілік өсімдік.Одан дәрілік майлар жасалады.Хош иісі бөлмеге ұсақ шіркейлерді келтірмейді. -Балалар,қазтамақтың фикустан айырмашылығын қарастырайық. -Фигус қандай күтімді қажет етеді? Жапырақтарындағы шаңды немен сүртеді? -Не үшін жапырақтардағы шаңды сүртеміз? (Жапырақтары ауаны тазартады) -Өсімдіктерді қалай суару керектігін көрсетіндерші. -Су құйғыштың тұмсығын гүл ыдысының шетіне салып,суды шашыратпай суару керек.Бөлме өсімдіктерін қалай күтіп-баптау керектігін түсіндіреді. Сергіту сәтін өткізу: <i>Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған.</i>	Қазтамақ пен фикусты салыстырады.Сабағы мен жапырақтары әртүрлі екенін айтады. -Фигус гүлінің жапырақтарын сулы шүберекпен сүртеді. Қазтамақ пен фикусты күту жолдарын айтады. Қолдарын жоғары көтереді,шайқайды .т.б

	Сабақтары салады, Жел күшімен шайқалған. Таңғажайып сәт. Есік қағылып, бөлмеге дәрігер Салауат кіреді. -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен мейірімді Салауатпын. Таңертен маған көжектер келіп, құлақтарының ауырып тұрғанын айтып еді. Ал менің дәрі салғышымда дәрілер таусылып қалыпты. Балалар, сендердің топтарында дәрілік өсімдіктер бар ма? -Балалар, сендерге үлкен рақмет! Сендер маған көмектестіңдер, енді мен өз достарымды емдеп аламын. Сау болындар! Үлестірмелі материалдармен жұмыс орындалады. «Қандай дәрілік өсімдіктерді білесіңдер?» сұрағына жауап беру.	Дәрігер өсімдіктер бар екенін, оның ішінде қазтамақтың атын атайды Балалар дәрігер Салауатқа қазтамақ гүлін береді, онымен қоштасады. Тапсырманы орындайды, жауап береді.
Рефлексивті- түзетушілік	Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекетінде алған білімдерін қорытындылайды.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: бөлме өсімдіктерін бір-бірінен ажырата білуге арналған тапсырмаларды.

Қандай түсініктерді игерді: табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері туралы мәліметтерді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: бөлме өсімдіктерін күте білу дағдыларын іс жүзінде

V00055 18.12.2020ж

Тақырыбы: «БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ БАЙЫПТЫ ҚАРАЙЫҚ».

ОСПАНОВА АСЕМ НУГЫМАНОВНА

ВКО. Аягуз ауданы Шынқожа ауылы
«Шынқожа батыр атындағы ЖБОМ»КММ тәрбиеші.

Мақсаты:

- Балалардың ата-ана сөзінің мәні ұғынуға үйрету, отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдылықты, қайырымдылықты, сыйластықты, достық – қарым қатынасты қалыптастыру, бір-біріне деген сенімін нығайту.
- Балалардың ата-ана алдындағы борышы туралы жауапкершіліктерін арттыру.
- Ата –ана мен бала арасындағы жағдайларды ақылмен шешуіне туғыза отырып ата-анасының баласына деген сенімін ояту, баласына ата-ана алдындағы парызын міндеттеу, баланың болашақ өмірін қалыптастыру.
- Балаларды қашықтықта оқыту және кері байланыс балалар мен ата – анадан.

Көрнекілігі: Тақырып жазылған күн суреті, күннің шапағында жазылған нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, компьютерде жазылған слайд, проектор, үлестірме қағаздар, бейнебаяндар.

Нақыл сөздер

1.«Тәрбие-баламен сөйлесумен, әңгімелесумен, оған ақал-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие – тұрмысты ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы өнеге көрсетуінде. Отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат-міндеттерімен байланысты болуы керек» . **А.С.Макаренко**

2.«Жақсы отбасында жазалау деген атымен болмайды және бұл-отбасы тәрбиесінің ең дұрыс жолы». **А.С.Макаренко**

3.«Бала жөнінде әділ пікір айту үшін оны өз ортасынан өзіміздің ортамызға алып келмей, өзіміз олардың рухани дүниесінде көшуіміз керек». **Н.Н.Пирогов**

4.«Ата-аналар балаларына сыйлы болуы тиіс. Бірақ сый – сияпат сүйіспеншіліктен туындауы қажет». **В.Г.Белинский**

5.«Ата-ана қадірін білмеген халық қадірін біле алмас. Халыққадірін білмеген ата-ана қадірін біле алмас»

**Жақсыдан жаман туады
Бір аяқ асқа алғысыз
Жаманнан жақсы туады
Адам айтса нанғысыз**

Баланың бас ұстазы – ата-ана. Ұлтымызда **«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің»** деген дана сөз бар. Әр отбасында ата-ананың орны бөлек. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке-отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі деп білсек, ана-отбасының ұйтқысы, жылуы, шағуы, жақсы ана отбасына береке әкеліп жанұясын бақытқа бөлейді. Ата-анаға баладан артық ешкім жоқ. «Бала-адамның бауыр еті» деген сөз бар. Сондықтан қай ата-ана болмасын баласының білімді, парасатты, мәдениетті, тәртіпті, әдепті болуын қадағалайды. «Бала – өмірдің жалғасы, көз қуанышы, шаңырақ иесі» деп ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлген.

«Әрбір баланың мінез – құлқы ата-ананың жағымды іс – әрекетінен үлгі алуы барысында қалыптасады» деп И.Павлов айтпақшы баланың мінез-құлқы өскен ортасында, көрген тәрбиесіне байланысты қалыптасады. Ата-ана – бала үшін ең бірінші үлгі тұтар адам, өзін көретін айнасы.

Сондықтан, жиналысымызға қатысып отырған ата-аналар, тәрбиешілер төмендегі сауалнамаларға жауап берейк.

1. Сауалнама
2. Ата-ана құқығы

Бала тәрбиесіне қағидалар:

- Баланы жас кезінен бастап сыйлап, қадір-қасиетін, ар-намысын бағалап, дұрыс сөйлесіп, дұрыс қатынасын жасаған абзал.
- Әдепсіз сөз, дөрекі айқай- тәрбиедегі жаман әдіс. Бала оған үйреніп кетеді немесе соған орай дрекі жауап береді.
- Егер өзің баланы сыйламай тұрып, одан өзіңе ілтипат, құрмет көрсетуін талап етудің өзі ұят
- Баланың айтайын деген өтінішін, ақылдасқысы келген мәселесін ата-анасы тыңдап, ақыл-кеңес беруі керек.
- Ата- ана отбасындағы үлкендерді сыйлап құрметтесе, кішілерге қамқор болса, бала да сондай болуға ұмтылады.

Мейірімділік – адамның бет әлпетінен, іс-әрекетінен көрініп тұратын шынайы қасиет. Сондықтан кімде-кім басқа адамның ақыл-ойы, мүлде тілегін дұрыс сезініп, оған шамасы келгенше көомектесе, сол адамды демеп-жебесе ол мейірімділікке жатады.

V00070 18.12.2020ж.

**Тақырыбы: ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ
АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУЫ».**

УМБЕТАЛИЕВА ГУЛЬМИРА ЕРМЕКОВНА

Алматы қаласы Алмалы ауданы № 8 балабақша тәрбиешісі

**«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып , оның шығармашылық қабілетін дамытады ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес»
В.А.Сухомлинский**

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірі – ойын технологиясының қолдану арқылы балалардың сөйлеу тілін дамыту жұмысының арқауы болып отыр. Ойын технологиясы дегеніміз- педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын- оқу үрдісіндегі оқытудың әр формасы , әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Н.Крупская .

Ойын арқылы оқыту технологиясын қолдану ұйымдастырылған оқу қызметінде пайдалану – өмір талабы. Сондықтан да оқыту үрдісінде қойылатын қазіргі талаптар тәрбиешіден үлкен ізденіс пен шеберлікті қажет етеді. Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты: дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық , әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді.

Ойын- балалар үшін оқу да, еңбек те. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездесетін қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Ойын арқылы оқыту технологиясын қолдану ұйымдастырылған оқу қызметін оқытуда тәрбиеші мен балалар арасындағы жаңа қарым-қатынас қалыптастырып, балалардың берілген тапсырмаларды талдауына, салыстыруына, өз беттерінше әрекет етулеріне, яғни ой еркіндігіне зор маңыз береді. Сөйтіп, балалардың зейін қойып ойлауы мен тапқырлығына мүмкіншілік туғызып, ойларын одан әрі дамытуларына жол ашады. Бүгінгі бала - ертеңгі жаңа әлем.

Сондықтан оған жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл тәсілдерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Зерттеуші ғалым Ф. Янушкевич «Жаңа технологиялық сабақ педагогтың өз тәжірибесін жаңғыртуға емес, баланың пайдасына, қажеттілігіне арналуы қажет, сонда ғана сапалы нәтиже болады»-деген.

Менің де тәрбиеші ретінде алға қойған мақсатым – балаларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар, олардың шығармашылық ойлау ,сөйлеу қабілеттерін арттыру. Сол себепті ұйымдастырылған оқу қызметін идеялық жағынан ғылыми негізде өмірмен байланысты ұйымдастырып, баланың қызығуын, құштарлығын танытуға бағыттаймын. Соңғы кездері өз тәжірибемде ойын технологиясының элементтерін қолданып келемін. Әр ұйымдастырылған оқу қызметінде ойын технологиясының элементтері балаларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға, ойнай отырып, сөздік қорын молайтуға мүмкіндік береді. Тиімді қолданылған ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың зор ынтамен тыңдап, толық меңгеруіне көмектеседі. Өйткені, балалардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауып отырады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыласпен орындайды.Ойын арқылы баланың бойына адамдық қасиеттермен қатар білімге, өнерге құштарлығы қалыптасады. Ойын – бұл баланың өзінше еңбегі. Жалпы өмірде ойынның да қоғамдық мәні бар. Ойын барысында белгілі бір әрекет жасай отырып, бүлдіршін қоғамдық өмірге қатысудың алғашқы үлгісін алады, ересектермен арадағы қарым-қатынастың байланысын түсінеді. Бала ойын арқылы өзі өмір сүріп отырған, белгілі бір әлеуметтік ортадағы норма мен әрекетті қабылдайды. Ойын ұстамдылық тәртіптің көрінісі болып табылады. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да – ойын әрекеті болып саналады .

Орыс педагогы В.А.Сухомлинский: «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін де емес» - десе, ғалым Е.А.Покровский өзінің балалардың ойындарына арнаған еңбегінде әрбір халықтың ойын туралы түсінігіне сипаттама береді. Ойын – таным процесін дамытудың негізі болғандықтан, мен – оқыту мен тәрбие берудің мазмұнын үнемі ойын элементтерімен толықтырып отырамын. Баланың ойынында да белгілі бір дәрежеде тиісті жұмыстағыдай жауапкершілік болуға тиіс. Олардың негізгі айырмашылығы тек мынада: баланың ойыны нақты материалдық, рухани байлықты көздемейді, ал жұмыс ондай игілікті өндірудің негізгі жолы екені айқын. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын арқылы бала тілін дамыту Ойын балалар үшін айналадағыны танып білу тәсілі.

Ойынның негізгі ерекшелігі - балалар үн-түнсіз ойнамайды. Тіпті бала жалғыз

болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі.

Ойынның түпкі ниеті - бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: «Дүкен», «Аурухана», «Ұшқыштар», «Отбасы», «Балалар бақшасы» және т.с.с болып ойнайды.

Ойын сонымен бірге сабақ кезіндегі оқытумен де тығыз байланысты. Ойын ешқашанда өзінің қызықтылығын жоғалтпайды, тек оның мазмұны, сипаты өзгереді. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті - рольді, драматизиялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Сюжетті рольді ойындар - мектепке дейінгі балаларға тән, ең сипатты ойындар болып табылады. Ол балалар өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті - рольді ойындарының ерекшелгі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар ұзақ та қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті - рольді ойында бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеттері болып табылады. Мысалы: «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне, ал «Аурухана» ойынын ойнағанда дәрігер мен науқастың әрекеттеріне еліктейді.

Драматизиялық ойындарда мазмұн, рольдер, ойын әрекеттері қандай да бір әдеби шығарманың, ертегінің т.б. сюжетті мен мазмұнына сәйкес болады. Ол сюжетті - рольді ойынға ұқсас. Драматизия ойынында балаға қандай болсын айқын тәсіл көрсетпеу керек ол үшін ойынның шын мәнінде ойын болғаны дұрыс.

Құрылыс ойыны - балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрлі құрылыстарды және соларға байланысты іс - әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрылыс ойыны бір жағынан сюжетті - рольді: ойынға ұқсас келеді, және соның бір түрі деп қаралады. Олардың қайнар көзі біреу - қоршаған өмір. Балалар ойын үстінде кетрлер, стадиондар, театрлар, цирктер т. б. ірі құрылыстар салады. Дидактикалық ойын формасы кішкене балаларға мейлінше тең оқыту формасы болып табылады. Ойын ой мен қимылды ұштастыру негізінде жүргізу керек, Мысалы: «Сиқырлы қақпаның сырын ашайық» деген ойында балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды. Ойын міндеті қақпақтың астында не бар екенін білу.

Дидактикалық ойынның нәтижесіне қандай жолмен болса да жету емес, балалардың білімді игеру, ақыл - ой қызметін дамыту да, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жетістіктерін көрсетеміз. Дидактикалық ойындарда да балалардың алдына қандай да бір міндеттер қойылады, оларды шешу үшін

назарды жұмылдыру, ерікті зейін қою, ережесін ой елегінен өткізе білу т.б.



Олар балалардың.



түйсік және қабылдау қабілеттерін дамытуға, ұғымдарын қалыптастыруға, білімді меңгеруге көмектеседі Қимыл ойындары балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алуды жаттықтыруға, дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке - психикалық дамуына, жеке басының аса маңызды салаларының қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Қимылды ойында ережелер ұйымдастырушы роль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым - қатынасын, баланың мінез - құлқын анықтайды. Балалар ойынды игерген соң өздігінен ойнай алады. Қимылды ойындарды ұлттық ойындар желісінде ұйымдастыруға болады. Мысалы: «Соқыр теке», «Көкпар», «Асық», «Бәйге», «Тақия тастамақ» т.б. ойындар жатады. Баланың бірінші даму кезеңі ойын арқылы жетіледі. Сол сияқты ойындар да топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Ойын балаларға сабақта да, серуенде де өте қажет, өйткені бала жәй дем алып отырғанның өзінде де ойын үстінде болады. Қимылды ойындар баланың барлық жас кезеңінде өтеді. Ойын — балалардың тілді үйренуге деген сенімін оятады. Рольдік ойындарда барлық балаларға бірдей роль тиеді де, бір-бірімен міндетті түрде қарым-қатынасқа түсіп, сөйлеседі. Балалар белсенді жұмыс істеп, бір-біріне жәрдем беріп, жұмыстарын мұқият тыңдап, өздерін және бір-бірін бағалайды, ал біз тек бағыттаушы боламыз. Рөлдік ойындардың негізгі талаптары Ойын балалардың тілге деген қызығушылығын арттыруы қажет. Сонымен қоса, ең бастысы балалар өздеріне лайықты рольді өзі тандап алған жөн. Сонда ғана олардың ойыны да, тілі де нанымды және сенімді шығады. Рольдік ойындарға топ болып қатысқан дұрыс. Бала өзін рольде неғұрлым еркін сезінетін болса, ол соғұрлым қызыға ойнайтын болады. Осындай шарттар бойынша дайындалған материалдар қолданылса ойын соғұрлым жоғары тиімділік береді. Бастапқы кезде балалардың ынта-жігерін бақылап аламын. Сөйтіп, бақылаушы бола бастаймын.

Ойынды қолдануда оның күнделікті жаттығу жұмысына айналмауын ескеру керек, ондай жағдайда баланың қызығушылығы төмендейді. Қандайда болсын ойынды таңдауда баланың жеке психологиялық қабілетін де ескерген жөн.

Балалар ойын ойнағанды ұнатады және өз ынталарымен беріліп ойнайтынды. Тапсырмаларды балалар өз беттерімен орындап және ойынды ұйымдастырып бір –біріне әділ баға беруге үйренеді. Балабақшада мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда дидактикалық ойын маңызды құрал болып есептеледі . Мен ойын арқылы білімді меңгертіп және оны бекіту үшін дағды мен әдетті қалыптастырамын . Балабақша жиі қолданатын дидактикалық ойын түрлерін өткіземін :

- 1.Ойыншықпен ойналатын ойындар.
2. Үстел үстінде ойналатын ойындар.
3. Сөздік ойындар .

Әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойындар , сондай- ақ тапсырмалар арқылы балалардың білімін тереңдете түсемін және ойлауын, зейінін , есте сақтауын дамытуға көмектесемін .

Ойынның мазмұны бірнеше элементтен құралады : Дидактикалық тапсырмалар, мазмұн , ережесі және ойынның орындалуы, мұнда басты элемент – дидактикалық тапсырмалар болып табылады, ал қалған элементтер осы тапсырмаға және оның орындалуына көмектеседі. Қорыта айтқанда , ойын-баланың жан серігі , ойын сырттай қарағанда ешқандай қиындығы жоқ , оп-оңай көрінуі мүмкін . Ал, іс-жүзінде бала ойынға қатысу үшін басқалармен тіл табысып, өзінің ойлаған ойын іске асыру оңай емес. Баланың рухани жетілуі мен табиғи өсуінің, денесінің дамуы мен ой дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді .Мектепке дейінгі мекемелелердің оқытудағы негізгі міндеті : сәбилер тобынан бастап балаларға білім, дағды, іскерлікті берумен қатар ойлау қабілеттерін қалыптастырып балаларды ойлау жұмысына дайындау. Ойын араласқан оқу қызметі тартымды өтеді, балалардың білуге деген құштарлығын арттырады, түсініктерін тереңдетеді.

V00070 18.12.2020ж.

Тақырыбы: «БАЛАБАҚШАДА БАЛА ТІЛІН ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ»

ОСПАНОВА АЛМАГҮЛ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Ақмола облысы Көкшетау қаласы

№17 «Көктем» бөбек жай бақшасы тәрбиеші

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілін орфоэпиялық дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу.
- Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру;
- Баланың сөздік қорын молайту;
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұны мен ойын дұрыс жеткізіп, диалогтегі адамдардың сөздерін мәнерлі жеткізуге икемделеді. Балалар автордың сөз өнерін қолданып, сөз мәнерін өздері машықтануы қажет. Серіктестері айтқан әңгімені тыңдап отыруға, мазмұнын түсінуге, әдеби кейіпкерлерін атымен айтуға үйретіледі.

Табиғи құбылыстардағы ақиқаттылықты сипаттаған кезде нақты дұрыс сөз қолдануға, үлкендердің көмегімен белгілі бір нәрсеге тиісті белгілерді табуға, нақты бейнелеуге, әңгімеде ой - өрісін жеткізуге үйрету керек.

Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, теңеу, эпитет, балама қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет. Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады. Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың мәнерлігі (ертегіні толық айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңгені, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып, және т. б. қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету.

Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі. Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған

әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп, қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету енгізе керек.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді.

Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан - теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең - әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер - білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай – ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген - білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата - аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді. Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай

топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

Сөздің дыбыстық жағын меңгерту

- Бала тілін зерттеп, қай дыбысты айта алмайтынын анықтау;
- Артикуляциялық аппаратты дайындау кезеңі
- Сөз, сөйлем, өлең, жұмбақ, жаңылтпаштарды айтқызып, дыбыстарды үйрету.

Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында қолданылатын әдістерге тоқталатын болсақ:

1. Сахна ойындары. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату.
2. Бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды.
3. Сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады.
4. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату.
5. Дидактикалық жаттығулар жасау. «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел

үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді топтап алу.

6. Жұмбақ, мақал - мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту.

Жұмыстың осы түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Мәселен, ән оқу іс - әрекетінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден баланың ақыл - ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі.

Оқу жылының басында өз тобымда тілдері з, р, с, ш дыбыстарын айта алмайтын балаларға дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында ойын - жаттығулар, тақпақтарды айтқызып үйреттім. Мысалы: «З» дыбысын бекіту мақсатында А. Райымқұлованың «ауыл маңында» өлеңін айтқызуға болады.

Ауыл маңы саз, саз - саз,

Жайылады қаз, қаз - қаз.

Тоймай қалса қаз, қаз - қаз,

Шашқан дәнің аз, аз - аз.

Дыбыстарды меңгерту барысында ассоциация әдісін қолданамын. Мысалы: «Қ» дыбысын бекіту мақсатында Қ – қарға, қолғап, қасқыр, қой, қарындаш Ұрпақтан - ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал - мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаш бала тілін дамытуда шешуші орын алады. Тобымдағы балаларға ертегілерді ең алдымен ауызша айтып беремін. Сонан соң айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсатымен сахналап рольдерге бөліп ойнатамын. Мысалы: «Бауырсақ» «Шалқан» «Мақта қыз бен мысық» «Алдар көсе мен тоңғақ бай» «Күз түсті» ертегілері.

Түрлі ойын - жаттығулардың бала тіліне тигізер ықпалы мол. Мысалы: «Күз түсті» ертегісін алып ойын - жаттығу ретінде өткізіп жүрмін.

«Балалар тоғайға жеміс - жидек теруге барады. Барлығының қолдарында себет бар. Олар тоғайға келе жатса, бір сиыр жатыр екен. Сиыр балаларды көріп «мө - мө - мө» деп амандасады. Содан кейін «балалар, қайда барасыңдар?» дейді.

- Балалар: - Орманға жидек теруге бара жатырмыз

Деп жауап береді.

Орманға келіп ағаштың бұтағында тоқылдақтың отырғанын байқайды.

Тоқылдақ балаларды көріп «тық - тық» деп амандасады. Сонан кейін торғайлар «шиқ - шиқ» деп дыбыстайды. Қарға болса «қар - қар» дейді. Көкек те қалыспай «көкек - көкек» деп қалыспайды.

Осы тәріздес ормандағы құстар, аңдар балалармен кездеседі. «Күз түсті» ертегісінің мазмұны бойынша жүргізілетін ойын - жаттығудың мақсаты ертегі

мазмұны бойынша балаларды қызықтырып, дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Ертегілерден басқа көркем әдеби шығармаларды балаларға оқып беріп, олардан әңгіменің мазмұнын сұраймын. Мысалы: «Екі дос пен қайыршы қария» әңгімесін оқып беріп, әңгіменің мазмұнын сұрау арқылы Венн диаграмма әдісін қолданып, балаларға Алдан мен Сауранның мінезін салыстырамын.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы мақал - мәтелдер арқылы да беріледі.

Қазақты мақал - мәтелдері негізінен елдікті, ынтымақты, бірлікті, адамгершілікті, инабаттылықты қамтиды. Сондықтан, мен «Менің Қазақстаным» «Отбасы» «Менің ауылым» тақырыптарын өткенде:

- Туған жер – алтын бесік
- Өз үйім - өлең төсегім
- Отан – оттан да ыстық

Батырлық, ерлік туралы:

- Жауынмен жер көгереді, батамен ел көгереді
- Ер - елдің көркі, өсімдік жердің көркі

Білім туралы:

- Қына тасқа, білім басқа бітеді
- Көп сөйлеген білімді емес, көп білген білімді – деген мақал - мәтелдерді пайдаланамын.

Бала тілінің дамуына жұмбақтар үлкен роль атқарады. Әр оқу іс - әрекетінің тақырыбына сәйкес жұмбақ айтудан бастаймын.

- Кешкісін маздап жанады, таң атса сөніп қалады (Жұлдыз)
- Қырманнан көрдім, ырыздығы елдің (Дән)
- Басында аппақ шәлі, етегі елдің сәні (Тау)

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімді жанр – жаңылтпаш. Жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді.

- Көк кесе, көп кесе, Көп кесені әкелді кеше

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуге балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор.

Қазіргі заман талабына сай оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін.

W00008 19.12.2020ж.

Тақырыбы: «МАМАНДЫҚТАР».

ЖУМАБЕКОВА МАХАББАТ ТОТИЕВНА

Ақмола облысы Целиноград ауданы Талапкер ауылы
МКҚК «Асем-Ай» экологиялық балабақшасы логопед

Сабақтың мақсаты: Балалардың есту арқылы сөйлеуі мен сөйлеу тілі қимылдарын дамыту. Сөздік қорын молайту.

Сабақтың міндеті: 1. Білімділік-мамандық туралы білімдерін нақтылау және шыңдау, тақырып бойынша сөздік қорын белсендіру. Жаңа білім негіздерімен қаруландыру;

2. Түзету-дамытушылық – сөйлеу тілі белсенділігі мен диалогты сөйлеу тілін дамыту, дыбыстық талдау-жинақтау дағдылары мен фонематикалық процестерін дамыту. Ауызша байланыстырып сөйлеу тілін дамыту, есту, ойлау, есте сақтау қабілеттері мен тіл кемістіктерін түзеу;

3.Тәрбиелік: оқуға деген ынтасын көтеру, мұғалімдердің сөзін тыңдай білуге инабаттылыққа тәрбиелеу.

Құрал – жабдықтар: Проектор, компьютерлік технология, заттық суреттер, дидактикалық материалдар, қуыршақ, доп т.б

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

- Балалармен сәлемдесіп, назарын сабаққа аударамыз.
- Артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жүргіземіз.
- Ұй тапсырмасын қайталап шығу.

II. Негізгі бөлім.

- Бері қараңдаршы не деген бейберекетсіздік. Мұнда біреулер заттарын шашып тастап кетіпті. Оларды атап шығайықшы- мына ара мен балға құрылысшының заттары. Қайшы мен тарақ кімнің заттары болды екен? т.б.с.с
- Бұл заттар әр түрлі маман иелеріне керек.

III. Тақырыпты хабарлау.

- Бүгінгі біздің сабағымыз өте ерекше болмақ. Біз «Мамандықтар» қаласына саяхатқа барамыз, ол жерде біз көптеген мамандар туралы ақпараттар аламыз.
- Ал біз ол қалаға немен барамыз, әрине автобуспен барамыз.

IV. Тақырып бойынша жұмыс.

Балаларға проектормен әр түрлі мамандық иелері туралы суреттер көрсетіледі.

1) Жүргізуші мен кондуктор туралы білімдерін бекіту.

- Автобусты кім айдайды? (жүргізуші)
- Автобуста билетті кім жинайды? (Кондуктор)
- Жарайсыңдар. Енді жолға шығайық.
- Кенеттен автобустың дөңгелегі жарылып қалды (ш-ш-ш дыбысын

дыбыстаймыз)

— Жүргізушіге жел үрлеп көмектесейік (с-с-с-с дыбысын дыбыстаймыз)

— Жүргізуші дабылын қақты кәне қайталайық (би-би-би-би) Міне қалаға да келіп жеттік.

2. Аспазшы мамандығы туралы білімдерін бекіту.

— Сендер мына тәтті иісті сезіп тұрсыңдарма?

Тамақтың иісі шығып тұрған сияқты. Біз кімге қонаққа келдік?

— Аспазшы не істейді?

— Аспазшыға тамақ жасап көмектесейік (Борщ жасаймыз)

3. Дәрігер туралы білімін бекіту. Балалар үстелге жақындайды. Үстелдің үстінде дәрігердің заттары мен қуыршақ жатыр.

— Іш ауырса, бас ауырса

Саған дәрі береді.

Барлық ана, барлық бала

Оны жақсы көреді. Мен кім туралы айтып отырғанымды білетін шығарсыдар.

— Дәрігер не істейді?

— Ол қай жерде жұмыс істейді?

— Мына қуыршақ ауырып қалыпты, сен оған көмектесші. (Қуыршақты емдейміз ойыны)

СЕРГІТУ СӘТІ

— Біз жүре-жүре шаршадық, бір демалып тынығып алайық.

ША-ША-ША күн қандай тамша

ШЫ-ШЫ-ШЫ айналаңа қарашы

ШУ-ШУ-ШУ жан-жағымда шу

ШЕ-ШЕ-ШЕ отырайық ендеше

4.

Сатушы туралы білімдерін бекіту. Балалар ойыншықтар дүкеніне жақындайды.

Дүкенде кітаптар, ойыншықтар, ыдыстар, азық түліктер бар.

— Біз

қайда келдік?

— Дүкенде кім жұмыс істейді?

— (рөлдік ойын «Сатушы»)

V. Сабақты бекіту.

— Біздің саяхатымыз осымен аяқталды. Біз жол жөнекей кімдермен кездестік естеріңе түсіріңдерші.

— Қазір мен сендермен ойын ойнаймын «Қатемді түзе»

— Мұқият болыңдар!

— Жүргізуші стады—жүргізеді

— Тігінші шаш қырқады

—тігеді

— Сатушы тамақ дайындайды

—сатады

— Құрылысшы ұшақы айдайды

— үй салады

Ұшқыш көлік жүргізеді

— ұшақты жүргізеді.

VI. Қорытынды. — Ал сендер болашақта кім болғыларың келеді? —

ЖҮРГІЗУШІ, АСПАЗШЫ, ШАШТАРАЗ, МҰҒАЛІМ, ДӘРІГЕР, ҚҰРЫЛЫСШЫ, ӘНШІ, БИШІ бұлардың барлығын бір сөзбен қалай айтамыз? — Сендерге сабақ ұнады ма?

VII. Үйге тапсырма.

— Үйде артикуляциялық жаттығуларды қайталап,

T00025 14.12.2020ж.

**Тема: «КАК АРХИТЕКТУРА И ИСКУССТВО ГОРОДОВ
ОТОБРАЖАЮТ СРЕДНЕВЕКОВОЕ ОБЩЕСТВО»**

БЕКСЕИТОВА ГУЛЬНАР ОРУМБАЕВНА

Акмолинская область Жаксынський район

КГУ «Ишимская средняя школа «учитель истории

Раздел долгосрочного планирования: 1В		Школа: Ишимская средняя школа	
Дата :		ФИО учителя: Бексеитова Г.О.	
класс: 7(6)		Участвовали:	Не участвовали:
Тема урока	Как архитектура и искусство городов отображают средневековое общество		
Цели обучения, достигаемые на этом уроке (Ссылка на учебный план)	6.4.1.1 – характеризовать особенности развития средневековых городов, определяя роль ремесла и торговли; 6.2.2.2 – определять влияние изменений в обществе на развитие искусства (архитектура, живопись)		
Цель урока	На основе источников определять характер средневекового общества		


Критерии оценивания	1. Определить истоки зарождения средневековых городов 2. Определять назначение двух типов зданий (романских и готических) 3. Определять характерные черты двух зданий 4. Определять схожесть двух типов зданий 5. Сделать вывод о том, что архитектура может нам рассказать о средневековом обществе
Языковые задачи	Слова для определения стиля: Романский стиль: главный купол, толстые каменные стены, ярусы колонн, мозаика, скульптура, фрески с религиозными сюжетами, узкие окна, простота и мощь, массивные башни, алтарь, сцена Страшного суда, сельская базилика, храм. Готика: каменные полуарки и опорные столбы вынесены наружу, стрельчатые арки, высокие своды, витражи, изображение простых смертных, окно-роза, преобладание скульптур над живописью, городское сооружение, городская ратуша, городской собор
Воспитание ценностей	Уважение
Межпредметная связь	География, ИЗО
Предыдущие знания	Феодализм, феодальная экономика, феодальное общество, отделение ремесла от сельского хозяйства

Ход урока

Запланированные этапы урока	Виды упражнений, запланированных на урок:	Ресурсы
Начало урока	1. Психологический настрой. Положите руку на сердце и повторяйте за мной: Я есть любовь, Я есть воля, Я есть сила, Я есть добро, Я есть всё прекрасное.	Презентация

	Я есть Человек, Всё зависит от меня, Всё в моих руках. 2. Объединение в группы. (К) Вопросы к классу. Блиц-опрос: - Что такое феодализм? - Укажите признаки феодального строя. - Что такое феодал? - В чём особенность феодальной иерархии? - Как вы понимаете выражение «вассал моего вассала - не мой вассал»? - Что являлось основным занятием рыцарей? - Для чего возводили замки? - Какие повинности несли крестьяне? - Почему происходило расслоение крестьянства? ФО при помощи листочков 3. Определение темы урока Предположите откуда могут быть истоки средневековой культуры?	
Середина урока	(Г) 1 группа Задание: Почему и где возникали средневековые города? 2 группа Задание: Каковы отличия средневекового города от современного? Защита постеров ФО Три звезды и одно пожелание Физминутка «Пацан» (К) Посмотреть фильм «Романский стиль и готика. По ходу просмотра выписывать незнакомые, новые слова. (И) Составить диаграмму Вена по ходу просмотра видеоролика. Г) Обсудить в группе и дополнить диаграмму	Постеры Презентация Стикерс Видео «Романский стиль и готика» https://www.youtube.com/watch?v=LqyczVGmlQ0 Стикерс Презентация

Критерий оценивания		Дескриптор
1	Находит общие черты двух стилей	Правильно находит 2,3 общие черты
2	Находит отличительные черты двух стилей	Правильно находит 2,3 отличительные черты
3	Делает вывод	Вывод о изменении средневекового общества
Стрелками установите причинно-следственные связи		
В период раннего средневековья происходили многочисленные войны между феодалами. Возникает необходимость защиты от врагов.		Стена перестала играть конструктивную роль. Ее заменили широкие проемы окон, порталов. Облегченное здание неукротимо росло вверх, устремляясь к небу высокими шатрами башен, пинаклей и флеронов (украшений в виде цветка)
Рост и укрепление городов, выдвижение светских сил, торговых и ремесленных,		Архитектура принимала укрепленный, крепостной характер. Строились массивные замки,

	расширялись возможности познания и эстетического осмысления реального мира	монастыри , церкви из местного серого камня	
Конец урока	(И) Рефлексия. Ответить на вопрос: «Как архитектура и искусство городов отображают средневековое общество» 	Презентация	
Дифференциация – каким способом вы хотите больше оказывать поддержку? Какие задания вы даете ученикам более способным по сравнению с другими?	Оценивание – как Вы планируете проверять уровень усвоения материала учащимися?	Охрана здоровья и соблюдение техники безопасности	
Первоначальной задачей является то, чтобы все учащиеся могли прослушать рассказ и составить конспект в ходе прослушивания. Более способные учащиеся смогут включать большее количество деталей и связать их с предшествующим	Будут существовать возможности оценки приобретённых знаний в • оценке качества обсуждения в парах и группах; • отметках на ссылки предыдущего обучения;	Психологический настрой Физминутка	

изучением жизни римлян. Разнообразные дискуссии всего класса и работа в группах и парах дает надёжную поддержку тем, кто в ней нуждается, а учитель может ходить по классу, вокруг групп и пар, помогая им и отвечая на вопросы в случае необходимости.	• следовании количеству деталей, которые выявили учащиеся, чтобы поддержать их мышление; • оценке того, насколько хорошо они выражают свою точку зрения при помощи сопутствующей информации.	
Рефлексия по уроку <i>Была ли реальной и доступной цель урока или учебные цели? Все ли учащиеся достигли цели обучения? Если ученики еще не достигли цели, как вы думаете, почему? Правильно проводилась дифференциация на уроке? Эффективно ли использовали вы время во время этапов урока? Были ли отклонения от плана урока, и почему?</i>		<i>Используйте данный раздел урока для рефлексии. Ответьте на вопросы, которые имеют важное значение в этом столбце.</i>
Итоговая оценка Какие две вещи прошли действительно хорошо (в том числе преподавание и учение)? 1: 2: Какие две вещи могли бы улучшить Ваш урок (в том числе преподавание и учение)? 1: 2: Что нового я узнал из этого урока о своем классе или об отдельных учениках, что я мог бы использовать при планировании следующего урока?		

МАЗМҰНЫ

- СУЛТАНОВА ГУЛЬМИРА КАМИЕВНА
- ҚОЖАБАЕВА ДИДАР ЖАСҚАЙРАТОВНА
- БЕКБАЕВА УМИТХАН
- НУРГАЛИЕВА АРДАК СЕРИБОЛОВНА
- ТЛЕУБАЕВА САМАЛ БАКТВБЕКОВНА
- РУСТЕМОВА ТОЛКЫН БАЛТАШОВНА
- ОСПАНОВА АСЕМ НУТЫМАНОВНА
- УМБЕТАЛИЕВА ГУЛЬМИРА ЕРМЕКОВНА
- ОСПАНОВА АЛМАГҮЛ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ
- ЖУМАБЕКОВА МАХАББАТ ТОТИЕВНА
- БЕКСЕИТОВА ГУЛЬНАР ОРУМБАЕВНА